



АЛАЯҚТЫҚ. АЛДАУ.  
АРБАУ ТЫЙЫЛМАЙ ТҮР

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



КЕНЖЕҒАЛИДЫҢ  
ӨНЕР КЕҢІСТІГІ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗГЕ ОРАСАН ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЛГЕН. БҰЛ – ӨТКЕН ТАРИХТЫҢ ЖӘНЕ БОЛАШАҚТЫҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК. КЕЛЕР ҰРПАҚТЫҢ ҚАНДАЙ МЕМЛЕКЕТТЕ ӨМІР СҮРЕТІНІ БІЗДІҢ БҮГІНГІ ШЕШІМДЕРІМІЗГЕ ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. ЕЛІМІЗДІҢ МАҚСАТЫ – АЙҚЫН, БҰЛ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ.

№39  
(4472)

Сейсенбі  
4 сәуір  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЕЛОРДА – ОРТА БИЗНЕС ОРДАСЫ



Сұлтан СЕЙІТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуы барысында шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесіне баса мән бере отырып, осы орайда шағын және орта бизнеске қолдау көрсетудің бірыңғай кешенді бағдарламасын әзірлеуді тапсырды. Бүгінгі таңда Астанада 200 мыңнан аса кәсіпкерлік нысандары жұмыс істейді. Бизнес саласында 460 мың адам жұмыспен қамтылып отыр. Бұл жұмысқа қабілетті астаналықтардың 71 пайызын құрайды.

5



### ЕЛДІҢ БІР ИГІЛІГІ – ИНВЕСТИЦИЯ

Кейінгі 10 жылда Қазақстанға бөлінген шетелдік инвестиция рекордтық көрсеткішке жетті.

«2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны 28 млрд АҚШ доллар болды. Бұл 2021 жылдан 17,7 пайызға артық» делінген Сыртқы істер министрлігінің хабарламасында.

ҚР Сыртқы істер министрлігі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың алдағы 7 жылда кемінде 150 млрд АҚШ доллары көлемінде шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі тапсырмасын орындау бойынша жұмысты жалғастырып жатыр.



«ASTANA  
AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖҮРІП ЖАТЫР

### ЖАЛАҚЫНЫҢ 15 ПАЙЫЗЫ – ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНА

Елімізде енді жалақының 15 пайызы зейнетақы қорына аударылады. Бұл жөнінде Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінен хабарланды.

2024 жылдан бастап қазақстандықтардың жалақысының 15 пайызы зейнетақы қорына аударыла бастайды.

«Жаңа Әлеуметтік кодекс Сенатта қабылданып, Президентке жолданды. Бұл құжат бойынша 2024 жылдан бастап жұмыскердің ай сайын зейнетақы қорына аударылатын 10 пайыздық төлемінен бөлек, жұмыс беруші жалақының 5 пайызына тең соманы жұмыс-

кердің зейнетақы қорына аудару бастайды. Бұл жұмыскерлердің зейнетке шыққан кездегі зейнетақысын көбейту мақсатында жасалып отыр» деп мәлім етті ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз хатшысы Сәкен Ділдахмет.

Министрлік өкілінің мәліметінше, жұмыс берушінің 5 пайыздық қосымша аударымы жұмыскерлердің жалақысына әсер етпейді.

АСТАНАДА  
8 СӘУІРДЕН  
6 МАМЫРҒА ДЕЙІН  
«ЖАСЫЛ АСТАНА»  
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  
АЙЛЫҒЫ ӨТЕДІ



### ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ

2023 жылдың 7 сәуірі мен 1 мамыры аралығында Астанада шахматтан әлем чемпионаты өтеді.

FIDE ұйымдастыратын чемпионаттың жүлде қоры – 2 миллион евро. Жүлде қорының 60 пайызы жеңімпазға, 40 пайызы екінші орын иегеріне беріледі.

Байрақты бәсекеде әлемнің екі мықты гроссмейстері Ян Непомнящий (Ресей) мен Дин Лижэнь (Қытай) қатысып, интеллектуалды ойынның көркін қыздырады.



ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 491.64 \$ USD/KZT 451.71 ₪ RUB/KZT 5.86 ¥ CNY/KZT 65.09

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## КЕЛЕШЕГІ ЗОР ЖОБАЛАРДЫ БАЯНДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Allur компаниялар тобы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьевті қабылдады. Мемлекет басшысына компанияның машина жасау саласын дамыту, инженерлердің біліктілігін арттыру және шетелден инвестиция тарту жұмыстары жөнінде мәлімет берілді.

Президентке бүгінде 6 мыңнан астам отандасмыз еңбек етіп жатқан өндіріс орындары мен компанияның перспективті жобалары туралы баяндалды. Қостанай қаласында оңтүстік корейлік Kia корпорациясымен бірлесіп, Kia автомобильдерін шығаратын жаңа зауыттың құрылысы

басталады.

Сонымен қатар Андрей Лаврентьев білім беру саласында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Компания Қостанай автомобиль көлігі колледжінде техникалық мамандықтарды мемлекеттік тілде оқытатын курс ашты. Студенттерді дуальді оқыту жөнінде оқу орындарымен

жұмыс жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ Allur жоғары инженерлік мектебі ашылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев кездесуде отандық машина жасау саласын дамытудың маңызын, жергілікті инженерлердің және техникалық мамандардың біліктілігін арттырудың өзекті екенін атап өтті.

## ҮКІМЕТТЕ АУЫС-ТҮЙІСТЕР БОЛДЫ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Мұрат Әбуғалиұлы Нұртілеу Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі болып тағайындалды, ол Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы лауазымынан босатылды. Бұл туралы Ақорданың ресми сайты хабарлады.

Былтыр ақпан айынан бері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) төрағасы қызметін атқарған Олжас Бектенов Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы болып тағайындалды. Сондай-ақ, бірқатар министрлер мен

вице-премьерлер бұрынғы орындарын сақтап қалды: Руслан Жақсылықов Қорғаныс министрі, Марат Ахметжанов Ішкі істер министрі, Роман Скляр Премьер-министрдің бірінші орынбасары, Серік Жұманғарин Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі, Ерұлан Жамаубаев

Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі, Алтай Көлгінов Премьер-министрдің орынбасары, Ғалымжан Қойшыбаев Премьер-министрдің орынбасары – Үкімет Аппаратының басшысы болып қайта тағайындалды. Нұрлан Жақыпов «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма төрағасы болды.

## БЕНЗИН МЕН ДИЗЕЛЬ ОТЫНЫ БАҒАСЫ ӨСЕДІ

Жанар-жағармайдың ішкі нарығын тұрақтандыру үшін Қазақстан мен көршілес елдер арасындағы баға айырмашылығын азайту қажет. Бұл туралы 3 сәуірде Энергетика министрі Болат Ақшолоқов мәлім етті.

Министр бұл жағдайда қиын болса да, қажетті қадам – шекті бөлшек бағаны көтеру керек екенін айтты, атап айтқанда:

– АИ-92 және АИ-93 бензині үшін 182-187-ден (өңірге байланысты) литріне 205 теңгеге дейін (өсім 11%);

– дизельдің бағасы литріне 295 теңге болады. Қазір аймаққа байланысты баға 230-260 теңге аралығында (орташа өсім 20%).

Тиісті бұйрық жобасы, министр атап өткендей, 3 сәуірде жарияланады.

«Баға айырмашылығын қазір төмендетпесек, жақын арада жанармайдың жалпы тапшылығына тап боламыз. Оның үстіне, бұл саланың одан әрі дамуына жолды жауып, еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне қатер төндіреді» деді Болат Ақшолоқов.

Сонымен қатар, министр Қазақстан жанар-жағармай бағасы ең төмен елдердің тізіміне

енгізілгенін нақтылады.

Мысалы, Ресейде дизель отынының құны орташа есеппен литріне 345 теңгені құрайды, бұл 45 пайызға қымбат. Ал Қырғызстанда баға 64%-ға жоғары және 390 т/л құрайды, Өзбекстанда ол екі есе қымбат – 480 т/л (101%).

Бұл ретте Б.Ақшолоқов соңғы бес жылда бензин өндірісі 70 пайызға, дизельдік отын 30 пайызға өскенін айтты.

## МӘСЕЛЕЛЕР РЕТІМЕН ШЕШІЛЕДІ

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек Пригородный елді мекенінің тұрғындарымен кездесті. Ашық жүздесуде тұрғындар апатты жағдайда тұрған екі жатақхананы бұзу, жол салу, медициналық орталықтар ашу, газдандыру, электр қуаты, қосымша автобус бағдарларын іске қосу, камералар орнату, абаттандыру (ауланы/гүлзарды көгалдандыру), құжаттарды заңдастыру сияқты мәселелерді көтерді.

«Елордада 16 елді мекен бар. Қаланың әрбір төртінші тұрғыны елді мекенде тұрады. Тиісінше, қаланың шет жағында тұратын тұрғындармен тұрақты кездесу өткіземін. Жұмыс жоспарымызды ауданның қажеттіліктері мен тұрғындардың өтініштеріне сүйене отырып жасаймыз» деді қала басшысы.

«Пригородный елді мекенінің тұрғындарымен кездестім. Тұрғындар апатты жағдайда тұрған екі жатақхананы бұзу, жол салу, ме-

дциналық орталықтар ашу, газдандыру, электр қуаты, қосымша маршруттарды іске қосу, камералар орнату, абаттандыру (ауланы/гүлзарды көгалдандыру), құжаттарды заңдастыру, т. б. мәселелерді көтерді. Мәселелер ретімен шешіледі, тұрғындармен бірге тиісті міндеттердің басымдығын анықтаймыз және кестеге сәйкес елді мекенді дамытамыз» деп түсіндірді Ж.Қасымбек.

Қала әкімі апатты үйлерді бұзу бойынша жасалған тізімге

өзгерістер енгізіліп жатқанын мәлімдеді.

«Үйлерді бұзу мәселесіне тоқталар болсам, қалада апатты жағдайда тұрған 200-ден астам үй бар. Қазіргі уақытта біз бұзу бойынша тізімді жаңартып жатырмыз. Алдағы 3 жылда апатты әрі тозығы жеткен үйлердің тұрғындарына арнап 2,5-3 мыңға жуық пәтер салуды жоспарлап отырмыз. Тозығы жеткен үйлерді бұзу ісін мүмкіндігінше жылдамдатамыз» деді Ж.Қасымбек.



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында магистратура және докторантураға оқуға құжат қабылдау басталды. Академияда өткен баспасөз мәслихатында ректор Ерлан Әбіл құжаттарды қабылдау 29 маусымға дейін admission.apa.kz порталында жүргізілетінін мәлім етті.

## ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

– 2023 жылы оқуға қабылдау 6 магистратура бағдарламасы және күндізгі оқу бөлімінде 3 докторантура бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады және өндірістен қол үзбей оқытылатын 2 модульдік бағдарлама бойынша жүргізіледі. Мемлекеттік қызметшілерді даярлауға Үкіметтен магистратура бойынша 120 грант, докторантура бойынша 12 грант бөлінген. Академияда ақылы түрде күндізгі бөлімде және модульдік форматта білім алуға мүмкіндік бар. Конкурстық іріктеудің алғашқы кезеңі

онлайн форматта өтеді, ал сұхбаттасу кезеңінде үміткерлер академияға шақырылады, – деді Ерлан Әбіл.

Баспасөз мәслихатында ректор қабылдау ережесіне енгізілген өзгерістерге де тоқталды.

«Халықаралық қатынастар» бағдарламасы бойынша оқу мерзімі 1 жылдан 2 жылға дейін ұзарды. Докторантура бағдарламалары үшін жұмыс өтілі бойынша талап 3 жылдан 5 жылға дейін ұлғайды. Сондай-ақ, жаңа өзгерістерге сай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» ҚР заңының 15-бабы 5-тармағына сәйкес, академияда мемлекеттік тапсырыс бойынша В+ (GRA

3,33) мәнінен төмен емес оқу нәтижесімен оқуын бітірген адамдар оқуды бітіргеннен кейін бір жыл ішінде жергілікті атқарушы органдарда, мәслихаттар аппараттарында, ревизиялық комиссияларда, орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінде (астана мен оның аудандарындағы жергілікті атқарушы органдардан, мәслихат аппаратынан, ревизиялық комиссиялардан, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінен басқа) «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен және оның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша конкурс өткізілместен орналаса алады.

«Академия түлегі мемлекеттік қызметшінің оны оқуға жіберген мемлекеттік органдарда жұмыспен өтеу жөніндегі міндеті алынып тасталды. Енді мемлекеттік қызметшіге академияда оқуын аяқтағаннан кейін мемлекеттік қызметте 3 жыл жұмыс істеу/жұмыспен өтеу жеткілікті» деді ректор.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР


Осыдан тура 50 жыл бұрын, 1973 жылы 3 сәуірде ұялы телефон арқылы алғаш рет қоңырау соғылды.

Құрылғыны ойлап тапқан Motorola инженері Мартин Купер бірінші қоңырауды өзінің басты бәсекелесі – Bell Laboratories қызметкері Джоэль Энгельге шалды. Ал салмағы 790 грамм болатын телефон 172 грамдық қазіргі iPhone 14 смартфоннан төрт еседей ауыр еді.



Парижде қала тұрғындарын электр скутерлерін пайдалануға тыйым салу бойынша дауыс берді.

Референдумға Парижде тұратын және дауыс беру құқығы бар 1,3 миллион адамның 103 мыңдай сайлаушысы қатысты. Бұл шара ақылдасу сипатында болды, шешуші дауыс әкімдікте қалды. Тыйым салуды жақтаушылар электр скутерінің жолда қауіпті жағдай туғызатынын айтады.



АҚШ долларының гегемониясы ыдырай бастады.

Жаһандық долларсыздандыру қарқын алуға дейді қытайлық сарапшылар. Global Times бақылаушылары тіпті америкалық саясаткерлер өздерінің серіктесі деп санайтын Үндістанның да АҚШ долларына қатысты салқындағанын айтты. Нью-Дели Малайзиямен сауда мәмілелерінде рупийді пайдалану жоспары туралы айтты.

## «ХАЛЫҚ БАТЫРЫ» КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Бас қаладағы Ұлттық музейде қазақ халқының батыры, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы Амангелді Иманұлының 150 жылдығына арналған көрме 3 мамырға дейін жұмыс істейді.

Көрмеде тыл жұмыстарына шақыру туралы патша жарлығының жариялануына байланысты архив құжаттарының көшірмелері мен фотосуреттер, Амангелді Имановтың домбырасы, А.Имановтың туыстарының жеке заттары, сарбаздардың қару-жарақтары және Қазақстанның халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің, бейнелеу өнерінің шеберлері Баки Урманче, Нағымбек Нұрмұхамедовтің кескіндеме туындылары, Қазақстанның халық суретшісі, мүсінші Хакімжан Наурызбаевтың және Украинаның халық суретшісі Ефим Белостоцкийдің мүсіндік туындылары қойылды. Сонымен қатар батырдың шөпшегі, суретші Зарина Ниязованың баһадүр басына арнаған суреттер сериясы да көпшілік назарына ұсынылды.



## АРДАГЕРЛЕР АЛҒЫСЫ

Елорданың Байқоңыр ауданына қарасты Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Рақмет саған, қазақ елі!» атты мәдени-танымдық кездесу өтті.



Іс-шараға Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі Роза Қалипенова, Аманат партиясының мүшесі, депутат Естек Қанат, Байқоңыр ауданы әкімінің орынбасары Шұғыла Құдайбергелі, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының басшысы Мұхтар Еркетаев және орталықтың бір топ қызмет алушысы қатысты.

Кездесудің мақсаты өткен Алғыс айту күніне орай қоғам арасында бір-біріне құрмет сезімін ұялату, сондай-ақ, ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталды. Сондықтан қатысушылар бірқатар рухани тақырыпта әңгіме өрбітті. Көпшілік бұл мереке тек 1 наурызбен шектелмей,

жыл бойы аталуы тиіс деп санайды.

Аманат партиясының мүшесі, қалалық мәслихат депутаты Қанат Естек орталықтың қызмет алушыларына жасалып отырған қолайлы жағдай үшін аудан әкімшілігіне ризашылығын білдірді. Қазақстандағы Корей ассоциациясы төрағасының орынбасары Роза Пак өз кезегінде қазақ халқына алғысы шексіз екенін айтты.

Ал ардагер ақын, қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі Григорий Шишов тақырыпқа орай өзінің авторлық өлеңін оқып, көпшілікті риза етті.

«Алғыс айту – адамдар арасындағы сенім мен сыйластықты арттыратын құрал. Адамның жан дүниесін тазартатын, жүрегін жұмсартатын, мейірімін оятатын сауапты іс. Әсіресе бір мүддеге негізделген, бір құндылықты бөліскен, бір мекенді ортақ Отан еткен адамдар арасындағы алғыс қоғамның рухани тыныштығына жетелейді. Сондықтан айналамызға алғыспен қарау, мейірімділіктің ізгі жолы екенін естен шығармағанымыз дұрыс» деді өз сөзінде зейнеткер Лев Ким.

Кеш соңында орталық қызметкерлері және білім алушылары аудан әкімінің атынан алғыс хаттармен марапатталды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» бұйрық-жобасын жариялады.

## ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУҒА КВОТА БЕЛГІЛЕЙДІ

«Квотаны ауданның, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жұмыс орындары санының 2-4 пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 5 желтоқсаннан кешіктірілмей алдағы жылға квота белгілейді. Жұмыс берушілер белгіленген квотаға сәйкес, 6 ай ішінде мүгедектігі бар адамдарды қызметке орналастыру үшін жұмыс орындарын ұсынады» деп жазылған «Ашық» НҚА порталында жарияланған құжатта.

Жергілікті атқарушы органдар жұмыс берушілердің мынадай тізімдік саны бар ұйымдарға квота белгілейді:

- 50-ден 100 адамға дейін қызметкері бар кәсіпорындарда – жұмыс берушілердің тізімдік санының 2% мөлшерінде;
- 101-ден 250 адамға дейін қызметкері бар кәсіпорындарда – жұмыс берушілердің тізімдік санының 3% мөлшерінде;
- 251-ден артық адам жұмыс істей-

тін кәсіпорындарда жұмыс берушілердің тізімдік санының 4% мөлшерінде белгілейді.

Бұл ретте квота ҚР Еңбек кодексінде, «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» заңда қызметке орналасудың ерекше шарттары, лауазымға тағайындау тәртібі айқындалған жағдайларда белгіленбейді.

Сондай-ақ, құжатта жазылғандай, квота мүгедектігі бар адамдардың саны қызметкерлердің орташа жылдық санының 20%-дан астамын құрайтын қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарда бөлінбейді. Бұған қоса, еңбекке қабілетті жастағы мүгедек адамдар болмаған елді мекендерде де квота белгіленбейді. Жұмыс орындарының квотасы шеңберінде жұмысқа орналасу мүгедектігі бар адам мансап орталығында жұмыссыз ретінде тіркелуі тиіс. Кейін оған жұмыс орындары ұсынылады. Қаулы 14 сәуірге дейін көпшілік талқылауда болады.



## «АЙМАҚ» КАРТАСЫ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

«Аймақ» жеңілдігі бар көлік картасын пайдаланушылар қала маңы бағдарларында тегін жүреді. Бұл карта Ақмола облысы бойынша Целиноград және Аршалы ауданында, Қосшы қаласында тіркелген жеңілдік санатына жататын азаматтарға беріледі.

«Жеңілдігі бар көлік карталарын шығару және беру аудандық әкімдіктер ұсынатын деректер базасына сәйкес жүргізіледі. Мәлімет айына 2 рет жаңартылады. Азамат базада болмаса, онда оған мәліметтерді нақтылау үшін жергілікті атқарушы органға жүгіну ұсынылады.

Жеңілдігі бар көлік картасын шығару үшін Р.Қошқарбаев даңғылы, 50/1 мекенжайында орналасқан орталық кассаға бару қажет. Қажетті құжаттар: ЖСН бар жеке куәліктің түпнұсқасы, зейнетақы куәлігінің түпнұсқасы, жеңілдік санатын растайтын құжат және 3x4 фото.

Картаның бастапқы шығару құны – 1000 теңге, қайта шығару – 2000 теңге» делінген хабарламада.

«Аймақ» жеңілдігі бар көлік картасын пайдаланушылар қала маңы бағдарларында ғана тегін



жүреді. Пайдаланушы қалалық бағдарларда жүру үшін жеңілдігі бар көлік картасының теңгерімін толықтыра алады.

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОП ҰСТАЛДЫ

Астанадағы элиталы тұрғын үйде притон ұстаған қылмыстық топ ұсталды.

«Астанада 6 адамнан тұратын ұйымдасқан топ жыл бойы жезөкшелікпен және жеңгетайлықпен айналысу үшін притон ұстаумен айналысқан. Жүйелі түрде қылмыстық жолмен табыс табу үшін күдіктілер қаладағы элиталы тұрғын үй кешендерінің бірінен 3 пәтер жалдап, онда притон ұйымдастырған. Қылмыскерлер өз қызметін аса құпия ұстау үшін тұрғын үй кешенінің күзетшілерімен байланыс орнатып, полиция рейдтері туралы ескерту жасау жайында келісім жасасқан. Рейд жүріп жатқанда олар дереу жалдамалы пәтерлерден кетіп қалып отырған» деді Ішкі істер

министрлігінің өкілі Шұғыла Тұрлыбек. ІІМ өкілінің сөзінше, притон клиенттері пәтерге кіру үшін тұрғын үй әкімшісімен тікелей байланысатын болған.

Қылмыстық топ криминалдық бизнестен күн сайын орта есеппен 1 млн теңгеге дейін пайда түсірген. Тінту барысында 20 мың АҚШ доллары, 156 мың Ресей рублі және 720 еуро сома-сында ақшалай қаражат тәркіленді. Осы факті бойынша ұйымдасқан топ құру және оған басшылық ету, притон ұстау және жеңгетайлық баптары бойынша сотқа дейінгі тергеу басталған.

## 3D ПРИНТЕР ШЫҒАРАДЫ

Технологияны құрылыс және басқа да өнеркәсіпте қолдануға болады. Өндірістің жылдық қуаты 300 принтер деп жоспарланған.

Университет ғалымдары өндірушілермен бірлесіп, 3D принтер шығарудың инновациялық технологиясын қолдануға ниет танытып отыр. Өндіріс «ENU-Lab» ғылыми-өндірістік орталығының базасында құрылады.

Шығарылатын тауарға негізгі тапсырыс берушілер еліміздегі және шет мемлекеттердің технопарктері, білім беру мен ғылыми мекемелер және индустриялық кәсіпорындар болмақ. Өнімді экспорттау мүмкіндігі де қарастырылып отыр.

Биыл Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде алғаш рет әртүрлі форматтағы 3D принтерін құрастыратын шағын өндіріс ашылады.



Сауд Арабиясының билігі ұмра қажылығын өтеуге келушілерге алтын құймаларын, асыл тастардан жасалған бұйымдарды әкелмеуге және қолма-қол ақшаның көлемін 16000 доллардан (60000 риал) асырмауға кеңес берді.

Сондай-ақ қажыларды ресми сайттардан банктік қолданбаларды жүктеп алуға, шоттарының деректемелерін бөліспеуге және белгісіз мәтіндік хабарламаларға мән бермеуге шақырды.



Жапонияның жоғары лауазымды қызметкеріне 14 жыл ішінде жұмыс орнында 4500-ден астам рет темекі шеккені үшін шамамен 1,44 миллион иен (10900 доллар) көлемінде қомақты сома айыппұл салынды.

Префектураның мәліметінше, ол жұмыс уақытында шамамен 355 сағат 19 минут темекі шеккен. Жалақыны қысқартумен қатар, жоғарыда аталған сома жалақысынан қайтарылатын болады.









